



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2022 жылдың екінші тоқсаны бойынша мәлімет

## Тарих/Қатысушылар

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.
- Қазіргі таңдағы ТШО серіктестері: «Шеврон» - 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ - 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» - 25% және «ЛукАрко» - 5%.

## Өнім өндіру/Қорлар

- Теңіз коллекторының жалпы барланған қоры 3,1 миллиард тонна (25 миллиард баррель), ал Королев кен алаңында 200 миллион тонна (1,6 миллиард баррель) мұнайды құрайды.
- Теңіз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры 1,4 миллиард тонна мөлшерде (11,5 миллиард баррель).
- Теңіз коллекторының ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль).
- ТШО 2008 жылы Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік көлемі шамамен 80 мың тоннаға (640 мың баррель), ал табиғи газ 22 миллион текше метрге (870 миллион текше фут) жетті.
- 2022 жылдың екі тоқсанында шикі мұнай өндіру көлемі 14,3 миллион тоннаны (114,4 миллион баррель) құрады.

## Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- ТШО 2000 жылдан бері табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 3,15 миллиардтан астам АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 65%-ға азайды.
- ТШО 2022 жылдың екі тоқсанында өндірілген газдың 99%-ын кәдеге жаратты.
- 2022 жылдың екі тоқсанында суды қайтадан пайдалану көрсеткіші 49,9%-ды құрады. ТШО тұрмыстық ағын суларды кәдеге жарату, өнеркәсіптік мақсатта тазарту және қайта пайдалану арқылы суды үнемдеу бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда.
- ТШО қалдықтардың 35-тен аса түрін қайта өңдеуге жібереді. 2022 жылдың екі тоқсаны соңында қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жалпы көрсеткіш 57%-ды құрады.

## Өнімдерді өткізу

- ТШО 2022 жылдың екі тоқсанында 568 мың тоннадан аса сұйытылған газ, 0,8 миллиард текше метр құрғақ газ, сондай-ақ 1,3 миллион тоннадан аса күкірт өткізді.

## Қазақстан Республикасы экономикасына қосқан үлесі

- 1993 жылдан бастап 2022 жылдың екінші тоқсаны дейінгі аралықта ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржылай салымы кәсіпорынның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақыны, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржыны, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялтиді қоса алғанда 169 миллиардтан астам АҚШ долларын құрады.
- 2022 жылдың екі тоқсанында ТШО-ның Қазақстанға төлеген тікелей қаржы көлемі 7,5 миллиард АҚШ долларды құрады.
- 2022 жылдың екі тоқсанында 2,5 миллиард АҚШ долларына қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтері сатып алынды, оның 1,8 миллиард АҚШ доллардан астамы Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) шеңберінде жұмсалды.
- 1993 жылдан бері 41,7 миллиардтан астам АҚШ долларына қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2022 жылдың екінші тоқсаны бойынша мәлімет

## Қызметкерлерді шыңдау

- Негізгі өндіріс пен ККЖ-ҰЕҚБЖ-да жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлердің үлесі 89,2%-ды құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ жұмысшыларын есепке алмағанда, ТШО қызметкерлерінің 94,4%-ы қазақстандықтар. 1993 жылы бұл көрсеткіш 50% болатын.
- Жалпы басшылық құрамның 76,3%-ын қазақстандық жоғары және орта буын жетекшілер құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ-ны есепке алмағанда қазақстандық жоғары және орта буын басшылардың жалпы үлесі 87,3%. Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламалар нәтижесінде анағұрлым жауапты басшылық лауазымдарға жергілікті қызметкерлер көбірек тартылуда.

## Әлеуметтік салаға үлес

- ТШО 1993 жылдан бері өз қызметкерлері мен Атырау облысы тұрғындардың игілігіне бағытталған түрлі әлеуметтік жобаларға 2,4 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.
- «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының 2022 жылғы бюджеті 30 миллион АҚШ долларын құрады. Аталмыш қаржының негізгі бөлігі Атырау облысындағы балабақшалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысына бағытталды.
- 2022 жылы Атырау облысы және Боранқұл ауылында (Маңғыстау облысы) денсаулық сақтау, білім беру сапасын көтеру және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мақсатында кәсіпорынның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде 2,3 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлінді.
- Пандемия басталғалы бері ТШО Атырау облысында коронавируспен күресу, тұрғындарды қолдау және медициналық құрал-жабдықтарды сатып алу үшін 18 миллион АҚШ долларына жуық (7,7 миллиард теңге) қаржы жұмсады.

## Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы

### Жалпы мағлұмат

- 2016 жылы ТШО серіктестері Теңіз кен орнының өндірістік қуаттылығын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы мен Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыруға қатысты қорытынды шешімнің қабылданғаны туралы хабарлады.
- ККЖ мұнай өндіру көлемін жылына шамамен 12 миллион тоннаға немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттырмақ. Мұнай өндірудің жалпы көлемі жылына шамамен 39 миллион тоннаны немесе тәулігіне 850 мың баррельді құрайды.
- ҰЕҚБЖ кеніштегі ұңғы ернеуіндегі қысымды төмендетіп, өнім зауытқа жеткен кезде қолданыстағы алты технологиялық желінің кіре берісіндегі қысымды көтеру арқылы Теңіз кен орнындағы қолданыстағы зауыттарды толық қуатта ұстап тұратын болады.

### Қазақстандық қамту

- ТШО ККЖ-ҰЕҚБЖ жүзеге асырыла бастағаннан бері қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 14,2 миллиардтан астам АҚШ долларын жұмсады.

### Жоба бойынша жұмыс барысы

- Қазіргі таңда жоба 93%-ке аяқталды, қалған жұмыстар көлемі көбіне Теңізде орындалуда.
- Жақында қол жеткізілген жобаның негізгі межелер келесілерді қамтиды:
  - Біріктірілген өндірісті басқару орталығы (БӨБО) іске қосылды,
  - 13 маусымда 55 ұңғыма кластерінен алғашқы мұнай өндірілді,
  - Қысымды күшейтін нысанға қажет электр қосалқы станциясына электр қуаты қосылған.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ – бұл білікті мамандарды даярлау, шетелдік компаниялармен серіктестік қатынас орнату арқылы технология алмасу және жергілікті инфрақұрылымды жаңғырту түрінде мұра қалдыруға мүмкіндік беретін республикалық маңызы бар жоба.